

2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық есебі.

Әлеуметтік педагог: Ж.К.Муртазаева

Әлеуметтік педагогтың мақсаты: Білім алушыларға тәрбие мен білім беру, оларға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету. Әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әртүрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балалармен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен бағыттары:

Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтау және оларға әлеуметтік қолдауды дер кезінде көрсету. Тамыз айында ұйымдастырушылық жұмыстар жасалынып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құрылып, нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтайды. Сонымен қатар жоспар бойынша тамыз айында «Кәсіпке жол» акциясы аясында колледжішілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, колледжге әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықталады.

Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан білім алушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізіледі.


Акция аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасылардан шыққан білім алушыларға демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп, жаңа оқу жылына киім-кешекпен, оқу құралымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. «Кәсіпке жол» акциясы аясында колледжішілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, колледжге әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау барысында жоспарға сәйкес

әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, акция аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп, жаңа оқу жылына киім-кешекпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

№13 Колледж 2024-2025 оқу жылының тамыз айында көмек алған оқушылар туралы мәлімет

Оқушыларды жаңа оқу жылында қолдау мен демеушілік көрсету мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрілігінің тапсырмасымен төмендегідей №13 Колледж оқушылары киім-кешекпен оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

№	Баланың аты-жөні	Туған жылы		Берілген құрал -жабдықтар
		айы күні	Тобы	
1	Айдар Рысқы	08.10.2006ж	50	Қаржылай
2	Қонысбай Ләззәт	20.07.2008ж	69	Қаржылай
3	Ынтымақ Қадір	04.02.2007ж	50	Қаржылай
4	Құдайберген Лейла	22.09.2008ж	68	Қаржылай
5	Абдухаликов Абдысамат	14.01.2009ж	68	Қаржылай



Қыркүйек-қазан айларында 1-курс студенттерінің әлеуметтік картасын құру және картотекасы жасалынды.

2024-2025 жаңа оқу жылындағы оқуға түскен 1-кур студенттерінің мониторингі

2024-2025 оқу жылындағы алдыма қойған негізгі өзекті мәселе: Әр адамның өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жеке тұлға мен қоғам арасында өзара жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. Балалардың өмір сүру ортасындағы туындаған мәселелерді уақытында анықтау, олардың себептерін жою жолдарын қарастыру, баланың өмір сүру ортасында туындауы мүмкін әр түрлі жат құбылыстардың алдын алу,

ең маңыздысы осы айтылғандарды мүмкіндігімше этикалық деңгейді сақтай отырып, баланың құқығы мен еркіндігіне нұқсан келтірмейтіндей жағдайда жүзеге асыру.

Ең салалы қызметімнің бірі – жанұямен жұмыс. Жанұя мүшелерінің қызығушылығы мен қажеттілік деңгейін, олардың өзара қарым-қатынасын зерделеу, жанұяның қиындық тудыратын, туындап қалуы мүмкін болатын мәселелерін анықтау. Әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды болжау және болдырмаудың алдын алу шараларын ұйымдастыру, жанұя мен баланың өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуіне көмектесу. Ең бастысы, ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға және қамқорлық-қорғаншылықтағы балаларға ерекше көңіл бөліп, үнемі назарда ұстау. Осы мақсатты іске асыру барысында бар күш-жігерімді салып, аянбай еңбек етіп келемін. Жоспарлы түрде мектеп ішіндегі есепте тұрған әр түрлі санаттағы оқуда қиындық келтіретін балалармен жұмыстанудамын. Олардың денсаулықтарына етене назар аударамын.

Әлеуметтік педагогтарға арналған әдістемелік нұсқаулық

Әлеуметтік педагогтің қызметтік бағыттары

Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:

1 балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін

психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді;

2 социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау

арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады;

3 баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен

тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.

1-курс студенттерінің әлеуметтік бейімделу мониторингі

№	Студенттердің әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Студенттердің жалпы саны:	223

Оның ішінде ұл бала саны: 159

қыз бала саны: 64

2 Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны: 1

3 Жартылай жетім балалар саны: 8

Әкесі қайтыс болған: 5

Анасы қайтыс болған 4

4 Аз қамтамасыз етілген отбасы балалар саны: 149

Жалғыздікті аналардың балалары: 6

Ажырасқан отбасы балалары: 6

Отбасы жағдайы өте төмен балалар: 7

5 Көпбалалы отбасыдан шыққан балалар саны: 74

6 Оралман оқушылар саны: 0

7 Мүгедектігі бар балалар саны 2

8 Есепте тұрған, кәмелетке толмағандар



Қыркүйек айында жатақханада жататын білім алушыларды анықтап, олармен сұхбат жүргізілді. Педагог-психолог А. Майлыбаева мен әлеуметтік педагог Ж.К. Муртазаева бірлесіп іс-шара өткізіп сергіту жаттығулары жасалынды.



Қыркүйек айында Келес ауданы Ішкі істер басқармасының камелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды. -



Қыркүйек айында колледжде қыздар жиналысы мен ұлдар жиналысы өткізілді.

«Кел танысайық айдары» 1-курс студенттерімен танысып кездесу өткізілді.Құндылықтары:Бірлік және ынтымақ



Қазан айында Келес аудандық денсаулық сақтау ұйымының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты қауіпті дерттің алдын алу және ауруға жол бермеу асқындырмау.Өз денсаулықтарына жауапты болуға,салауатты өмір салтын ұстауға,зиянды әдеттерден аулақ болуға,қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын үйренуге,сырқатын жасырмай дер кезінде шынайы ақпарат берге дағдыландыру барысында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Қазан айында Оқуға құштар ұлт жобасы аясында іс шаралар ұйымдастырылды. «Бір-отбасы, бір кітап» тақырыбында Отбасылық кітап оқу бәйгесі ұйымдастырылып ұлттық құндылықтарды дәріптеу нәтижесінде жеңімпаздар марапатталды.



«Бес терек» жобасы бойынша студенттердің арасында сараптамалық жұмыстар жүргізіп, әр студенттің жекелей отбасылық әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын анықтау.


Құндылықтары: Өзінің отбасының топтың, колледждің, қоғамның мүшесі екенін сезіну.



Әлеуметтік зерттеу жұмыстары (сауалнама, тест, семинар-тренингтер т.б.)



Девиантты мінез-құлықты білім алушылардың құжаттарымен жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру



Девиантты мінез-құлықтың алдын алудың мысалдары:

Жасөспірімдердің девиантты мінезі-құлқының алдын ала жүргізу. Осы іс-әрекетке тарту, олардың шешімін құқықтық, әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық деңгейлерде іздеу арқылы күрделі жағдайды болдырмауға және алдын-алу шараларын уақтылы әзірлеуді және қолдануды талап ету. Девиантты мінез-құлықтың алдын алудың мысалдары: Тәрбие процесін басқару өте қиын, ол еш уақытта бір қалыпты жағдайда өтпейді. Белгіленген мақсаттан ауытқып кетушілік болады. Осының нәтижесінде тәрбиесі қиын балаларды байқауға болады. Тәрбиесі қиын балалар тобының қалыптасуы баланың дамуында адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеуде ата-ана тарапынан ағаттық, педагогикалық қателіктер жіберілу салдарынан туындайды. Әлеуметтік педагог осы қателікті жөндеуге қабілеті жоғары болуы шарт. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік жұмыста басты кезеңдер болып мәселенің алдын-алу яғни диагностикалау кезеңі және әлеуметтік ортаға бейімдеу кезеңі.



Сабақ реидін ұйымдастыру

Сабаққа кешігетін, сабақтан көп қалатын білім алушылармен пікірлесу



1 – қазан Халықаралақ қарттар күні

«Танымы терең тағылымды тәрбие» тақырыбында

колледждің зейнеткер ұстаздарымен кездесу



29 қазан-Қамқоршылар күні.

Апталық ұйымдастыру.

Құндылықтары: мейірімділікке, бауырмалдылыққа, адамгершілікке баулу. Қамқоршылар күніне орай біздің қамқоршыларымыз Гүльбара Ешімбетова, Назира Тәшімбетова жеке кәсіпкер нәзік жандылар біздің студенттеріміздің көмекке мұқтаж отбасыларымызға үнемі көмек қолын созып қана қоймай әрдайым көңілдерін аулап оқтын оқтын хабар алып тұрады. «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» — деген екен дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске әрбір адамның азаматтық парызы.



29 қазан –
қамқоршылар
күні



Қараша.Буллингтің алдын алуЖанама сайттар, тәуелділік ойындарының алдын алу жұмыстары (Фре-файер, синий кит, красная сова, газовая фея Сауалнама



Қараша.Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай тап болған білім алушылар, ата-аналармен жұмыс жүргізу



Мақал-мәтелдің сан түрлілігі баланың ойлау қабілетін дамытып,сөйлеу дағдыларын жетілдіретін құнды дүние болып табылады.Түркістан облысы білім басқармасына қарасты №13 Колледж Әлеуметтік педагогы Мұртазаева Жансұлу Кенжеқызы осы мақал-мәтел аясында оқу үрдісінде байланыстыра қолданып жүрген ойлауды зерттеуге бағытталған психологиялық әдістемесін білім алушылардың таңертеңгілік сапқа тұру барысында қолданып мотивациялық-семантикалық формациялардың ойлау процесіне әсерін анықтау барысында жұмыс жасады.



Қараша.Бала құқығы-болашақ кепілі

«Сен және заң» тақырыбында

дөңгелек үстел өткізу

Білім алушылардың колледж жағдайындағы құқығын қорғау

Күнделікті өмірде заң туралы білімді қолдана білу Құқығыңды сақтап үйрен,бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа.

Түркістан облысы білім басқармасына қарасты №13 Колледжде таңертеңгілік сапқа тұру кезінде әлеуметтік педагог Ж.Мұртазаева білім алушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтарымен таныстырып өтті. Табысқа жету үшін жағдай жасау, өмір сүру нормаларына, мінез-құлық ережелеріне құндылық қатынасын қалыптастыру мемлекеттің басым бағыты екенін түсіндіріп өтті. Құқықтар мен міндеттердің бірлігін көрсету; құқықтық сана-сезімге, басқа адамның құқықтарын құрметтеуге мақал-мәтел,қанатты сөздер арқылы ойын түрінде ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Өзіміздің ойшылдарымыз Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би және Абай Құнанбаевта адам құқықтарымен бостандықтарын қорғаған. Адам дүниеге келгеннен кейін, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын, біздің мемлекетіміздің Ата Заңы – Конституция қорғайды. Ал Ата Заңымыздан басқа тікелей балалардың құқығын қорғайтын Заң бар ма? 1989 жылдың 20 қарашасында Бала құқықтары туралы Конвенция 1990 БҰ ұйымында қабылданып, 1995 жылдың желтоқсан айында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Бала құқығы туралы Конвенцияға» қол қойды. Адамның құқықтық санасы қалыптаспай,оның құқықтық мәдениеті жетілмейді.Құқықтық мәдениет дегеніміз- қоғамның қазіргі даму кезеңінде құқықтық жетістіктерін айқындайтын азаматтардың құқықтық білімінің мазмұны,сипаты,деңгейі,дағдысы.



Желтоқсан Отбасымен алдын алу шаралары:

- аз қамтамасыз етілген отбасыларды анықтау;
- аз қамтамасыз етілген отбасыларға картотека жүргізу;
- үй зерттеу актісін жүргізу;
- Ата-аналармен жұмыс



Жылды қайырымдылықпен қорытындылаймыз. «Адам – әлеуметтік жаратылыс» деп тұжырымдайды ғалымдар. Ағылшын ақыны Джон Донн: «Бір де бір адам жеке арал емес, ол – құрлықтың бір бөлігі, үлкеннің бір бөлшегі» дейді. Дамыған әлемдегі бір тамаша дәстүр кәсіпкерлердің қайырымдылық қорын құрып, туған халқынан бастап атасы басқа адамзаттың баласына дейін көмектесуі.. Дегенмен кейінгі кезде әрқилы жобалар мен акцияларды қолдап, қайырымдылықты мақсат тұтқан жомарт кісілердің көбейгені байқалады. Апат болған орындарға қомақты ақша атау, айықпас дертке шалдыққан балаға жылу жинау секілді дағдылар – шын мәніндегі ізгіліктің, биік мәдениеттің белгісі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, оларға ақпараттық қолдау білдіріп, әрбір әрекетін үлгі ретінде насихаттау керек. Қазақта «Жақсыдан – шарапат, жаманнан - кесепат» деген мақал бар. Мұндағы «Шарапат» сөзі қайырым, мейірім деген мағынаны білдіреді. Шарапатты іс жасау кез-келген адамның қолынан келеді, бірақ оны тек адамгершілігі жоғары, рухани әлемі бай, жан дүниесі таза адамдар ғана жасайды. Ол басқаның жағдайын өз қамындай шынайы, жүрегімен қабылдап, қандай қиын болса да, амалын табуға тырысады, не сөзімен, не ісімен жәрдем береді, шарапатын тигізеді. Шарапатты адам – Абай армандаған кемел адам

Түркістан облысы білім басқармасына қарасты Абай ауылында орналасқан №13 Колледжде демеушілеріміз тарапынан 5-отбасыға әлеуметтік пакет және қаржылай көмек беріп мұқтаж отбасыларға қуаныш сыйлады. Жақсылық тек жақсылықпен қайтады демекші №13 Колледж директоры Ж.А.Қозыбаев мырза біздің тұрақты демеушілерімізге ұжым атынан алғысын білдіріп жаңа жыл құрметіне орай сый сияпатын жасап Абай ауылындағы жеке кәсіпкер нәзін жан иелері Ешімбетова Гулбара Мақанбетовна, Тұрсынбекова Назираш Садыковна, Бұл нәзік жан иелері елдің алғысын алып, құрметіне бөленген халықтың мұң мұқтажын тыңдап жоғын түгендеп көздеріне үміт сәулесін жаққан қоғамға ізгілік нәрін себушілер десек те болады



Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады.

Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар.

Бірі — рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау),

Екіншісі — іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Сондай-ақ, қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Міне осындай азаматтар арамызда жүргенін бірде білсек, бірде біле бермейміз. Солардың бірі-бірегейлері Абай ауылының тұрғындары жеке кәсіпкер Ешімбетова Гульбара Маханбетовна және жеке кәсіпкер Тұрсынбекова Назираш Садыковналарға алғысымыз шексіз. Колледжің білімалушыларына ұдайы қамақорлық жасап, қолдарынан келген көмегін аяған емес. Бүгін осындай жомарт

азаматтар колледж басшысы Козыбаев Жақсылық Ақылбекұлының алғыс хатымен марапатталды! Құрметті Ешімбетова Гульбара Маханбетовна және Тұрсынбекова Назираш Садыковна! Сіздерді кіріп келе жатқан 2025 жаңа жылмен құттықтаймыз! Сіздерге отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз! Ізгі ниетпен №13 Колледж ұжымы!!!



